



Бүгін- Созақ ауданы жастарының күні

Аудан әкімі жақында Мұхит Тұрысбеков Жастар орталығы ғимаратының алдында жастармен еркін форматта кездесу өткізді.

Ашық аспан астында өткен жиынға аудан аумағындағы ауыл, кент округтерден білім, мәдениет саласының жастары, жас кәсіпкерлер,

дейінгі кездесуде көтерілген жастарға қажетті үйірмелер мен мектеп оқушылары бос уақытын тиімді өткізетін «Оқушылар сарайын» ашу жөніндегі ұсыныстарыңыз аяқсыз қалмады. С.Қожанов атындағы ескі музей ғимаратын күрделі жөндеуден өткіздік. Жақын уақытта бала-

ұсыныстары мен сан түрлі бағытта сауалдарын жолдап, нақты жауаптар алды. Шолаққорған ауылының тумасы Ізбасар есімді азамат өзінің жеке кәсібін ашу мақсатында қайтарымсыз грант алғанын және ендігі кезекте компьютерлік қызмет көрсету орталығын ашу үшін арнайы орын

Ел ертеңінің бек тірегі

**Құрметті жерлестер!
Қадірлі аудан жастары!**

Баршаңызды 16 тамыз – Созақ ауданының жастары күнімен шын жүректен құттықтаймыз.

Жастар қоғамның қозғаушы күші. Ертеңгі елдің бек тірегі, болашақтың бастауы, еліміздің бәсекеге қабілеттілігінің негізгі факторы. Ал, бәсекеге қабілетті болу үшін өскелең ұрпақ ұлылардың ұлағатты өмір жолынан үлгі алып, келешекке кедергісіз жету мақсатында аянбай еңбек ете білуі керек. Өйткені, ел болашағы жастарымыздың білімдері мен күш-жігерлеріне, патриоттық сезімдеріне тікелей байланысты. Бүгінгі жүзеге асып жатырған мемлекеттік бағдарламалар мен қолдаулар мүмкіндіктеріңізді толық жүзеге асыру үшін жасалып отыр. Білім дағдылары мен тәжірибесі мол жастар елдің экономикасын өзгерте алады. Сондықтан да бүгінгі жастарымыз нарықтық заманда алғыр болуы керек. Сонда ғана алатын асуы мен бағындыратын белестері алда болмақ.

Құрметті жастар!

Алдағы уақытта да білім мен біліктіліктеріңізді тәуелсіз еліміздің өркендеуіне арнап, жастар саясатын дамытудағы мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асырылуына үлес қоса беретіндеріңізге сенімдіміз. Сіздердің әрқашанда игі бастамаларыңыз бен болашақтарыңыз баянды болсын!

Еліміздің кемел келешегін нығайтудағы еңбектеріңізге зор табыс, мықты денсаулық тілейміз!

Құрметпен,
Созақ ауданының әкімі
Аудандық мәслихат төрағасы

М. Тұрысбеков.
О. Жәмиев.

Аудан басшысы жастармен еркін форматта кездесу өткізді



ерікті жастар мен мүгедектігі бар жастар қатысты.

Еркін форматтағы кездесу барысында аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы: – Сіздердің кез-келген ұсыныс-пікірлеріңізді тыңдап, еркін пікір алмасу біраздан бері жоспарымда болды. Жастар қоғамның қозғаушы күші болғандықтан осы кездесуде тың идеяларыңызды тыңдап, әрдайым қолдау көрсетуге әзірмін. Кез-келген сауалдарыңызды қойып, еркін пікір алмасуға шақырамын. Бұған

лар шығармашылық үйіне арналып, пайдалануға беріледі, – деген аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы жастар арасындағы жұмыссыздық, аудан көлемінде жастарды спортқа баулитын спорт нысандары мен мәдениет үйін салу, әлеуметтік педагогтар мен психологтардың жұмысын жандандыру, ауылдың санитарлық тазалығын күшейту мақсатында атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталып өтті.

Екі сағатқа жалғасқан кездесуде жастар ұтымды

қарастырып беруін жеткізді.

Аудан басшысы бұл жөнінде Жастар орталығы ғимаратынан жай дайындап беру үшін орталық басшысына тапсырмалар жүктеді. Сондай-ақ еркін форматта жастармен жиі жүздесуге дайын екендігін тілге тиек етті. Жиын барысында көтерілген әрбір мәселені назарға алып, тиісті жұмыстар жасалатынын айтып өтті.

Аудан әкімінің баспасөз қызметі.

Бастауыш сынып оқушылары мектептерде тегін тамақтанады

Жаңа оқу жылынан бастап Қазақстан мектептеріндегі барлық бастауыш сынып оқушылары тегін тамақтанады.

«Республика бойынша тегін тамақтың құны орта есеппен – 577 теңге. Алматыда ең жоғары баға – 800 теңге. Мектептегі тамақтандырудың сапасын арттыру мәселесі пысықталуда», деп жазылған хабарламада.

Бұған дейін Астана, Алматы, Шымкент, Павлодар, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Ұлытау, Қызылорда және Атырау облыстарының бастауыш сынып оқушылары, яғни республиканың барлық бастауыш сынып оқушыларының 56,6%-ы мектепте тегін та-



мақтанды. Аз қамтылған отбасылардағы мектеп оқушылары, яғни

1,5 миллионнан астам бала тегін тамақтандырылады. **«Созақ үні»-ақпарат.**

Биыл 97 мыңнан астам мұғалімнің жалақысы өседі



2020 жылдың қаңтар айынан 2023 жылдың қаңтарына дейін білім беру саласында қызмет ететін мамандардың жалақысы жыл сайын 25%-ға өсті. Биыл 1 қыркүйектен бастап тағы 30%-ға артады.

Осылайша 97 мыңнан астам мұғалімнің жалақысы 2,5 есе өседі деп жоспарланып отыр.

Жуырда мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудағы 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы қабылданды. Әдістемелік кабинеттер жанынан мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту педагогтарына әдістемелік көмек көрсету мақсатында мобильді топтар құрылды.

«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» бағыты мен мамандығы бойынша кадрларды даярлау 39 ЖОО мен 119 колледжде жүргізіледі. Колледждер мектепке дейінгі ұйымдармен бірлесіп өңірлік ерекшеліктерді ескере отырып, «Педагог» кәсіби стандарты негізінде білім беру бағдарламаларын әзірлейді және оқу бағдарламалары мен жоспарларын дербес жаңартады. Педколледждерге қойылатын біліктілік талаптары қайта қаралды.

Айта кетсек, биыл мектепке дейінгі білім берудің 20 мыңнан астам педагогі біліктілікті арттыру курстарынан өтеді.

«Созақ үні» - ақпарат.

ЖАРТЫТӨБЕ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ 100 ПАЙЫЗ АСФАЛТ ЖОЛМЕН ҚАМТЫЛАДЫ

Ағымдағы жылы Жартытөбе ауылының 2 көшесі мен Аққолтық елді мекенінің 5 көшесіне асфальт жабындысы төселіп, осылайша ауыл округіне қарасты елді мекендердің ішкі көшелері 100 пайыз қамтылатын болады.

Осы ретте аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков Аққолтық елді мекенінде жүріп жатқан жұмыстармен танысты.

Онда 6 шақырымнан асатын ішкі көшелеріне асфальт жабындысын төсеу жұмыстарының барысын бақылап, мердігер мекеменің өкілдерімен тілдесіті. Сондай-ақ тұрғындар сұранысына орай ішкі көшелеріндегі электр бағаналарын ауыстыру жұмыстарында назардан



тыс қалдырмады.

Аудан басшысы аралау барысында жұмыс сапасына қатысты бірқатар мәселелерге тоқталып, жауапты мамандарға тиісті тапсырмалар жүктетті. Жасалып жатқан жұмыстарды толықтай бақылауда ұстап, аса жауапкершілікпен қарауды ескертті.

Хабарландыру

2023 жылдың 27 тамызға тағайындалған Жартытөбе ауылдық округіне әкім лауазымына тіркелген кандидаттардың баспа материалдарын орналастыру орындары және сайлаушылармен кездесу кестесі

Елді мекен атауы	Жиындар күні, уақыты	Жиындардың өтетін орындары
Жартытөбе ауылдық округі бойынша		
Жартытөбе а/о	14.08.2023 жыл сағат 11:00 де	№695Жартытөбе учаскесі Жартытөбе ауылдық округі
Аққолтық	15.08.2023 жыл сағат 10:00 де	№696Аққолтық учаскесі Аққолтық елді мекені
Бабата	16.08.2023жыл сағат 10:00 де	№697Бабата учаскесі Бабата елді мекені

Үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындары

Қ/с	Белгіленген орындар
Жартытөбе ауылдық округі бойынша	
1	Жартытөбе ауылдық округі, Жартытөбе ауылдық округінің орталығындағы тақта
2	Аққолтық елді мекені, Аққолтық елді мекенінің орталығындағы тақта
3	Бабата елді мекені, Бабата елді мекенінің орталығындағы тақта

Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫМЫЗ ҰЛЫҚТАЛДЫ



Созақ аудандық ардагерлер кеңесінің жанынан құрылған «Әжелер алқасының» 10 жылдығы мерекесі аясында ұлттық құндылығымыз ұлықталды.

Аталған шара аудандық ардагерлер үйінің алдынан бастау алды. Онда арнайы киіз үй тігіліп, жас ұрпаққа мәдениет пен әдеп-салт-дәстүрімізді насихаттап, қайта жаңғырту мақсатында ұлттық нақыштағы көрмелер қойылды.

Сонымен қатар, аудан аумағындағы ауылдық округтерден

жиналған ардагерлер мен ақ жаулықты әжелер «Мыңжылқы» мәдениет үйіне дейінгі аралықта сән салтанаты келіскен ән шеруін ұйымдастырды.

Жібек жолы көшесінің бойымен жүрген ән шеруде «Созақ серілері» тобының сүйемелдеуімен құлақ құрышын қандыратын халық әндерін орындап, мерекені көтеріңкі көңіл-күйде атап өтті.

Аудан әкімінің баспасөз қызметі.

«ВОЛКОВГЕОЛОГИЯ» БАРЛАУ ЭКСПЕДИЦИЯ ӨНЕРКӘСІБІНІҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА 75 ЖЫЛ

Өткен аптада Таукент кентінің мәдениет үйінде «Волковгеология» №5 Геологиялық барлау экспедиция өнеркәсібінің 75 жылдығына арналған мерекелік шара өтті. Жиын барысында Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұраны әуелете шырқалып, шараға жиналған қонақтар кәсіпорынның 75-жылда табысты бастамалар, жеңістер мен жетістіктерге толы тұтас тарихты баяндайтын бейне роликті тамашалады.

Жиынға аудан әкімінің орынбасары Ақәділ Сатыбалды арнайы қатысып, «Волковгеология» АҚ-ның басқарма төрағасы Пак Евгений Геннадьевич және «Волковгеология» АҚ №5 Геологиялық-барлау экспедиция филиалының директоры Құрманғали Бекишов пен кәсіпорын қызметкерлерін айтулы мерекемен құттықтап, арнайы құттықтау хат пен сый-сияпат табыс етті.

- Дәл бүгінгі сәт - ертеңгі тарих. Құрылғанына 75 жыл толып жатқан «Волковгеология» Акционерлік қоғамының бастау тарихы тереңде жатыр. 1997 жылдан бастап «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ кәсіпорындарының құрамына кіріп, бүгінге дейін геологиялық барлау және бұрғылау жұмыстарын қатар алып жүрген ірі кәсіпорын-



ның біріне айналды. Осы жылдар аралығында мемлекет ұстанған саясатын жүзеге асырып, еліміздің экономикалық даму көрсеткіштеріне үлес қосып, халықтың әл-ауқатының көтерілуіне үлкен еңбек сіңірді. Бизнесің әлеуметтік жауапкершілігі аясында ауданымызда бірқатар жобаларға демеушілік танытып келеді. Осындай өрелі өнеркәсіп орны ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық даму жағдайын жеделдетіп, тұрғындардың тұрмыстық тіршілігін түзей түсетіні сөзсіз. Осынау мерекеде, Созақ ауданы халқына көрсетіп жатқан қолдауларыңыз үшін үлкен алғысымды білдіре отырып, кәсіпорын басшылығы мен барша

жұмына зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыларыңызға бақыт-береке, еңбектеріңізге сәттілік тілеймін, деді аудан әкімінің орынбасары Ақәділ Болатұлы.

Сондай-ақ аудандық мәслихат төрағасы Ордабек Жәмиев ізгі тілегін арнап, арнайы құттықтау хат пен сый-сияпат табыс етті.

Бірқатар кәсіпорын қызметкерлеріне «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ компаниясының басқарма төрағасы Ержан Мұқановтың Құрмет грамотасы мен төс белгісі табысталды.

Аудандық «Мыңжылқы» мәдениет үйінің өнерпаздары әсем ән орындап, қонақтарға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

АУДАНДЫҚ «ӘЖЕЛЕР АЛҚАСЫНЫҢ» ҚҰРЫЛҒАНЫНА 10 ЖЫЛ

Созақ аудандық ардагерлер кеңесінің жанынан құрылған «Әжелер алқасына» 10 жыл толып отыр. Осы ретте, аудандық «Мыңжылқы» мәдениет үйінде «Әже – ұлт ұйытқысы» атты байқау өтті. Облыстық ардагерлер кеңесінің бекіткен кестесіне сәйкес ұйымдастырылған байқауға облыстық ардагерлер кеңесі жанынан құрылған «Әжелер алқасының» төрайымы Фатима Тілеубердиева, облыстық ардагерлер кеңесі жанынан құрылған «Әжелер алқасы» төрайымының орынбасары Дана Садыққызы және облыстық ардагерлер кеңесінің жауапты хатшысы Балзия Тәжібаева қатысып, байқауға қазылық етті.

Шара барысында жиналған қонақтар «Ерулік», «Келін түсіру» атты сахналық қойылымды тамашалап, аудан ардагерлері дәстүрлі халықтық жоралғының жарқын үлгісін паш етті.

Шараға арнайы қатысқан аудандық мәслихаттың төрағасы Ордабек Жәмиев мерекелік құттықтауын жеткізіп, бүгінде түрлі қоғамдық жұмыстарға белсене араласып жүрген бір топ әжелерге арнайы алғыс хат пен сый-сияпат табыс етті. Сондай-ақ ұйымдастырылған шараның жастар тәрбиесі мен ұрпақтар сабақтастығын жан-жақты дамытуда алар орны ерекше екенін атап өтті.

Аудан әжелерін мерейлі мерекелерімен құттықтаған «Аманат» партиясының аудандық филиалының төрағасы Ернар Сағындық бірқатар әжелерді арнайы алғыс хатпен марапаттаса,



облыстық ардагерлер кеңесі жанынан құрылған «Әжелер алқасының» төрайымы Фатима Тілеубердиева облыстық ардагерлер кеңесінің Құрмет грамотасы мен алғыс хатын табыс етті. Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қабылбек Еспенбетов аудандық ардагерлер кеңесінің арнайы жүлделерімен ауылдық «Әжелер алқасы» ұжымдарын марапаттады.

«Парасатты әжелер» жүлдесін Құмкент ауылдық округі, «Шебер әжелер» жүлдесін Жартытөбе ауылдық округі, «Сымбатты әжелер» жүлдесін Шолаққорған ауылдық округі, «Өнерлі әжелер» жүлдесін Созақ ауылдық округі, «Өнегелі әжелер» жүлдесін Қаратау ауылдық

округі, «Мейірбан әжелер» жүлдесін Жуантөбе ауылдық округінің әжелері иеленді.

Сонымен қатар, аудандық ардагерлер кеңесінің мүшесі, Созақ ауданының Құрметті азаматы, ардагер Садық Әбдірашұлы әжелерге деген ізгі тілегін арнады.

Аудандық «Мыңжылқы» мәдениет үйінің өнерпаздары мен «Сырлы Созақ» ардагерлер хор ұжымының солисті, ардагер ұстаз Әли Иманбеков, ҚР Мәдениет саласының үздігі, «Сырлы Созақ» ардагерлер хор ұжымының мүшесі Раушан Баймұратова және Құмкент ауылдық «Ақ әжелер» тобы патриоттық әндерді нақышына келтіре орындап, мерекенің ажарын аша түсті.

Созақ ауылдық мәдениет сарайында ақын, ұстаз, «Құрмет» орденінің иегері, Қаз ССР Оқу ағарту ісінің Құрметті қызметкері, ҚР Жазушылар одағының мүшесі, 2005 жылдың «Ең үздік ақыны», Созақ ауданының Құрметті азаматы Берғазының Өскенінің 80 жылдығына орай ақынды еске алу шарасы ұйымдастырылып, онда жыр мұшайрасы өтті.

Шараны ҚР Жазушылар одағының мүшесі Мақсат Қарғабай жүргізіп отырды. Сонымен қатар, еске алу

бауырлары, ұл-қыздары, алыс-жақыннан келген ағайындар, қонақтар болды.

Жыр сүйер қауымға кеңінен танымал ақын, бірімізге ұстаз, бірімізге замандас, «Құрмет» орденінің иегері, Созақ ауданының Құрметті азаматы Берғазының Өскені 1943 жылы Социалистік Еңбек Ері Әлібайұлы Берғазының шаңырағында дүниеге келген. 1992 жылы «Заман-ай», 1996 жылы «Киелі топырақ», 1999 жылы «Теріскей толғауы», 2003 жылы «Сағыныш», 2005 жылы



Жақсыбаевтың «Үш ата» атты әнін ауыл өнерпазы Ақнұр Серікова әуелете шырқады.

Төл тумаңмын құрсағыңда жаралған,
Жусаның мен топырағыңнан нәр алғам.

Сені қорғап төгілген қан бабамнан,
Маған сіңіп, жан-жүйеме таралған!- деп ақын жырлағандай аламанды бәйге жыр мұшайрасына Тоқбанов Самат-(Сарысу ауданы), Сәрсенбек Теңізбаев-(Шолақорған ауылы), Алмас Қожабеков-(Қарағұр ауылы),

сына Қ.Кемелұлы атындағы шығармашылық бірлестіктің төрағасы Мыңжасар Асқаров, «Оңтүстік Қазақстан» газетінің бөлім меңгерушісі, журналист Дәулет Тұрсынұлы, ардагер ұстаз-Кәмілжан Рысметов, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын Гүлнар Өмірбек қазылық етті.

Жыр сайысында жүзден жүйрік шыққан ақындар өз өнерлерін ортаға салып, Тоқбанов Самат-(Сарысу ауданы), Батырбек Жүрсінбек-(Шымкент қаласы), Тұмартай

ӨСКЕНІН ҰМЫТПАЙДЫ ӨСКЕЛЕН ЕЛІ



Беретін маған сенің батаң алтын.

Бере ғой батаңды алтын, Әумин!- деп жыр жазған ақын Алланың берген ғұмырында өз өмірін де, аудан тарихын да жырмен өрнектеп кетті.

Қазақ елі берем саған аңтымды,
Жүрегіммен аялаймын халқымды.

Көк туыммен бірге тіккем жанымда,
Арымды да азаматтық

Батырбек Жүрсінбек-(Шымкент қаласы), Дүйсенбек Сәңкібай-(Созақ ауылы), Азамат Хайлулла-(Қайнар ауылы), Тұмартай Дінтайұлы (Жартытөбе ауылы), Орынбасар Қасенұлы-(Таукент), Тұрғанов Құрмаш-(Аққолтық ауылы), Әмірбаева Айзат-(Созақ ауылы), Тұрсын Ақерке-(Созақ ауылы), Орынтай Айғаным-(Созақ), Ергешова Малика-(Қайнар ауылы), Ма-

жыр кешінде Қазақстан жазушылар Одағы басқарма төрағасы Мереке Құлқеновтің құттықтау хатын одақтың белді мүшесі, жазушы Аспандияр Әденұлы тапсырды. Еске алу кешінде аудан әкімінің орынбасары Қалдыбек Оразов аудан жұртшылығы атынан өзінің жүрежарды пікірін білдіріп, еске алу шарасына қатысушы ақындар қауымына сәттілік тіледі. Сондай-ақ салтанатты жиында Сұлтанбек Қожанов атындағы өлке-тану музейінің директоры Ниязәлі Дүйсенбек, Шымкент қаласынан келген інісі Дінасыл, «Оңтүстік Қазақстан» газетінің бөлім меңгерушісі Аман Жайымбет, ауыл әкімі Батыр Аяпов, Өскен ағамыздың жары Нұржамал апамыз,

«Толғанис толқынында», 2010 жылы «Жан жарқылы» кітаптары жарық көрген.

Аллаға шүкір, тегім бар, Тарихым бар, ділім бар. Болам деп елдің төл тілі-Күресіп жатқан тілім бар-деп жырлаған ақын көзі тірі болғанда бүгінгі таңда 80 жасқа толған думанды кешінде, сахна төрінде отырар еді. Өмір ғой...
О, Созағым киелім!
Дархан ғой далаң аса!
О туған ел!
Перзентімін білетін Отан парқын,
Орындайтын ана мен атам салтын.

Төрешісі ұрпақтың Мейірімді, әрі қатал халқым.
Лайықты ұл бола алсам,



парқымды.- демекші ақынның сөзіне жазылған жерлесіміз, сазгер Төлжанбек

моджан Улбобек-(Созақ ауылы) қатысты. Жыр мұшайра-

Дінтайұлы (Жартытөбе ауылы), Сәрсенбек Теңізбаев (Шолақорған ауылы), Тұрғанов Құрмаш-(Аққолтық ауылы), Дүйсенбек Сәңкібай-(Созақ ауылы), Ергешова Малика-(Қайнар ауылы) сияқты бірқатар ақындар жүлделі орындарға ие болды.

Түс әлетінде ақынның рухына бағыштап «Тарса» дәмханасында құран оқылып, ас берілді. Ас дастарханында да ақ тілектер мен айтылар естеліктерге уақыт берілді. Осылайша жыр сүйер қауымға аты мәлім Берғазының Өскені ағамыздың екінші өмірі басталғандай ел есінде қаларлықтай керемет шара өз мәресіне жетті. Шараны ұйымдастырушы аудан әкімдігіне, тікелей ақынның жары мен ұрпақтарына, аудандық мәдениет және спорт бөліміне, бауырларына, ауылдас қауымға шексіз ризашылықпен есті естелік сыйлаған ескі де жаңа Созақпен уақытша ғана қоштасып қайттық.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ.

Ауыл әкімі жергілікті тұрғындармен кездесіп, есеп берді

Өздеріңіз де білетіндей, Қазақстан Республикасының Президентінің 2022 жылдың 3 наурызындағы әр-түрлі деңгейдегі «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» №826 Жарлығына қол қойған болатын. Сол жарлыққа сәйкес, өткен апта, тамыз айының 9 күні Шолақорған ауылының әкімі Әділ Елібаев Теріскей және Жеткіншек елді мекендерінің тұрғындарымен кездесіп, есеп берді. Әуелі, Асқар Сүлейменов атындағы жалпы орта мектептің ауласында Теріскей жұртшылығымен жүздескен Әділ Камалұлы әңгімесінің әлқиссасын тұрғындарға «Ауыл аманаты» бағдарламасын түсіндірумен бастады. Әсіресе, ауыл мұғалімдерінің аталмыш бағдарламаға қатысып, отбасылық кәсіптерін ашуға мүмкіндіктері барын баса айтты. Мұнан соң, Шолақорған ауыл әкімдігінің өткен 6 айда атқарған жұмыстары мен алдағы 6 айда атқарылатын жұмыс жоспарымен бөлісті. Әділ Камалұлының баяндамасынан соң, жиын жиылған жұрттың сұрақ-жауаптары мен ұсыныс-пікірлеріне ұласты. Сол сауалдардың ішінде ауылымызда тартылып жатқан газ құбырларына қатысты сұраулар да болды. Ең басты сұрақ сол көгілдір отынның қашан келетіні жайлы еді. Бұған ауыл әкімінің жауабы: «Сауалдарыңыз орынды! Аудан әкімі қазіргі таңда



Астана қаласында осы газ мәселесімен жүр. Бұйыртыса, жағымды жаңалық боп қалатын шығар!» болды. Тағы да тұрғындардың тарапынан: «Ауылымызда жүрген «Газ құбыры- 2050» деген компаниядан хабарыңыз бар ма, олардың құжаттары дұрыс па, келісім шартқа отыра берейік па?» деген сұрақ қойылды. Мұның да жауабы мынадай болды: «Иә, аудандық ЖКХ бөлімінің басшысы мен бірге ол компанияның құжаттарын

қарап шыққанбыз. Лицензиясы мен техникалық шартнамалары заңды екен. Мына, Данияр балдарыңыз көшемен-көше ертіп, таныстырып жүргенін білемін». Бұдан бөлек, теріскейліктердің алаңдатып жүргені жастар ойнайтын футбол алаңы мен балалар алаңшасының және бала бақшаның жайы екен. Бұл сауалдарға Әділ Камалұлы: «Мұнда отырған қариялар бұл жөнінде, яғни, футбол және балалар алаңшасы бойынша аудан әкіміне кіріп, ол кісі өз кезегінде бұл кісілерге уәде, ал, маған тапсырма берген. Бұйыртыса, келесі жылдың бюджетінен қаржы қараймыз деп отырмыз. Ол үшін арнайы жер учаскесін де дайындап қойғанбыз. Ал енді, балабақша мәселесіне тоқталсақ, өздеріңізге мәлім болғанындай қазіргі таңда мемлекет тарапынан бұл бағытқа қаржы қаралмайды. Керісінше, жеке кәсіпкерлер ниет танытып, салатын болса, мем-

лекет тарапынан қолдау болады. Осы ретте, осы Асқар Сүлейменов мектебіне тиесілі 1 гектарға жуық жері бар бұрынғы спорт алаңшасын бір кәсіпкер азаматшаға 3 жыл мерзімге екіжақты келісіммен берген болатынбыз. Алайда, сол 3 жыл мерзім өте шықты, бірақ салынған бала бақша жоқ. Бұдан хабардар болған аудан әкімі Мұхит Тұрсынбеков бұл жерді мемлекетке қайтару жөнінде облыстық жер инспекциясына ұсыныс беруге тапсырма берді. Егер жер қайтып жатса, басқа бір кәсіпкер тауып, осы бағытта жұмыс жасайтын боламыз». Мұнан басқа сауалдар: көшелерге ауыз су, жарық және жол салу жөнінде болды. Ауыл әкімі: «Алдағы уақыттарда Н.Төреқұлов, Мұқан Төлебаев, Мұхтар Әуезов 1 және 2 көшелерін жарықтандырамыз. Ал енді, сіздер сөз етіп отырған кіші көшелерді асфальттау алдағы жылдарда іске асатын болады. Әзірше, Жеткіншек елді мекенінен бір көшені және Жамбыл көшесі секілді үлкен көшелерді асфальттап жатырмыз» деді. Сонымен, сағатқа созылған жиын өз мәресіне жетіп, жиылған көп ауыл әкімінің есебіне оң баға беріп тарқасты.

Данияр БЕК.

Адамның сөзі – ақылының таразысы

Әлбетте, көреген халқымыз о бастан сөз құдіретіне қатты мән берген. Орақ ауызды бабаларымыз өткір тілімен ел тағдырын, бір ауыз сөзбен жер тағдырын шешкен. Анамыз «Балапаным, ай – күнім, арайлым, атар таңым, жақұтым, бал – шырыным, асылым»,-деген ерке сөздерімен қызының жүрегіне әдемі жол салса, әкеміз «Батырым, айбарлым, ұрпағым»,-деген асыл сөздермен ерліктің рухын ұялата ұлын тәрбиелеген. Ал қазірде небір ақылға толы әсем сөздермен бүгінгі жас көңілдің асты – үстіне түссең де, жаны қас пендедей ұл – қыздарымыз нәліктен мойын бұрмайды? Немесе олардың рухани кезі бітеу ме? Әлде сөз құдіретін жоғалтты ма? Мұны ұғынып, құлақ асар, жүрегіне түйер адам бар ма? Қайсысы? деген сауалдар көпті мазалайды.

Дұрыс, әрі мәдениетті сөйлеу – адамның ең бір ізгі Алладан берілетін, ата-ана тәрбиесі мен, ақыл-парасатпен орнығатын ұлық қасиет. Пайғамбарымыздың (с.а.с.) сөз сөйлеген кезін сахабалар «Біз, Пайғамбарымыз сөйлей бастағанда басымызда құс қонақтап отырғандай, соны ұшырып алмайық дегендей аса бір сақтықпен құлақ салып тыңдайтынбыз»,-деп еске алады. Ардақты Пайғамбарымыз (с.а.с.) асыл тұқым сепкен адам. Сондықтан Оны (с.а.с.) тыңдаған құлаққа бар сауап. Шырайын келтіре, адамның санасын ұйытып, Құранның нақыл сөздерімен жан дүниесін безендірсең, ниетін түзеп, жүрегін тазаладың деген сөз.

Дана халқымыз: «Сүйкімді сөз – сүйек балқытар», «Жақсы – байқап сөйлер, жаман – шайқап сөйлер», «Оттың шаласынан сөздің шаласы жаман», «Тау мен тасты су бұзады, адамзатты сөз бұзады», «Ұялмас бетке талмас жақ бітеді», «Аңдамай сөйлеген ауырмай өледі», «Көз жетпеген жерге сөз жетеді», «Тіл тас жарады, тас жармаса, бас жарады», «Басқа пәле тілден»,-деп, ащылап – тұщылаған. Айта берсең толып жатыр, бірақ оларды таразылау – үлкен ғанибет әрі дін бұлағындай. Алайда сөздердің сан түрі болса да бір ғана ырыстың басын, берекенің тасын өрге домалататын жақсы сөздер бар. Онымен ата – әжелеріміз ошақ басында «Жақсы сөз – жарым ырыс»,-деумен өмірдің күйбең отын жаққан. «Жүрегімдегі тілімде, тілімдегі түрімде» дей келе «Кісіні аузындағы сөзінен таны»,-деп, әр пендеге жол тапқан. Сондықтан, сөз – ол Алланың құдіреті.

Бірде «Кім Аллаға, қияметке сенсе, жақсы сөз айтсын



немесе үндемесін»,-деген хадисті естіген бір бала үндемей қояды. Әкесі дәрігерге қаратады. «Балаңыздың ешқандай ауруы жоқ, зеріккен болар, бір уақыт серуендетіңіз»,-деген дәрігердің ұсынысынан кейін, серуен құрып жүргенде шиқылын тоқтатпаған тоты құсты баланың әкесі ұстап алып, торға салып қояды. Сонда бала тоты құсқа: «Сен үндемей шиқылдамағаныңда мына тор – қапаса түспес едің»,-демейді ме. Бұл сөзін естіп қалған әкесі: «Сен сөйлей алады екенсің ғой, адамды құр босқа әуре – сарсаңға түсіріп...»,-деп, баласын шапалақпен қойып қалады. Сонда бала: «Мен сөйлемесем, мен де пайда табатын едім, сөйлеймін деп, міне, таяқ та жедім»,-деген баланың ақылынан айналуға болады.

Өнегелі, мазмұнды сөз айту турасында Жетес шешеннің айтқаны қандай мәнді: «Адамның сәні - өнер,білім, ақылы, Жердің сәні - жеміс, өнім, дақылы, Сөздің сәні - өнегелі нақылы. Пікірдің сәні - ойландырап мақұлы!»

Қорыта келгенде, адамдық қасиеттерді кемелдендіре түсуде дұрыс сөйлей білуге көңіл бөлудің орны ерекше. Өйткені, ол - адамның ішкі жан дүниесінің айнасы. Жүрек тазалығы мен ой тұнықтығының, мәдениеттілік пен кісіліктің белгісі, арабтарша айтқанда «ақылдың таразысы».Иә, атам қазақ «Кісіні аузындағы сөзінен таны» деп бекер айтпаған. Ал, хазіреті Әлидің (р.а.): Сіздер ауыздарыңыздан шықпаған сөздерге патшасыздар және сіздер ауыздарыңыздан шыққан сөздердің құлы боласыздар – дегенін әбден естен шығармаған жөн. Алайда, тілден бал да зәр де тамады. «Адамның сөзі – ақылының таразысы» заманында өз аузына өздері құл болып жүргендер бар. Адамның басына келген қуаныш пен қайғыға да адамның өзі себепкер. Себебі, сөз Жаратқанның ризық несібісінің жолын ашады немесе оны тосады.

**А.ҚҰРМАНБЕК,
Теолог маман.**

Дін мен мемлекет арасындағы зайырлылық ұстанымының аясы мен қызметтері, тарихи, болмыстық қатынасы, қолдану тетіктері ғылыми теориялық, практикалық жағынан көрініс табуы үшін Қазақстан Республикасы өзіндік зайырлылық концепциясы мен діни білім беру жүйесін жаңғыртып қайта қалыптастыруды орындады. Ислам діні аясында да зайырлылыққа тән құндылықтар көрініс тапқаны мәлім. Оның ең маңыздысы – діни сенім бостандығы

лады.Сонымен қатар Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер» туралы заңының 3-бабының 5-тармағында:«Азаматтардың дінге көзқарасына байланысты олардың азаматтық құқықтарының бұзылуына, діни қызметіне заңсыз кедергі келтіруге немесе олардың діни сезімдерін қорлауға, қандай да бір ұстанушылар қадір тұтатын заттарды, құрылыстар мен орындарды қорлауға жол берілмейді»,-деп атап көрсетілген. Қазақстан Рес-

асырады. Қоғамның тұрақтылық сипаты мен деңгейі және оның саяси жүйесі құндылық билігін қабылдау мен үйренуге негізделеді. Егер қоғам олардан бас тартса, онда қоғамның саяси жүйесі тұрақсызданады. Сондықтан саяси тұрақтылықтың бірі – діни толеранттылық. Плюрализм, азаматтық қоғам, ар-ождан еркіндігі, ғибадат еркіндігі, төзімділік – кемелденген демократияның негізгі атрибуттары. Демократиялық қоғамдағы мемлекет пен

Дін және Заң

қағидасы. Ислам ілімін ең кемел, ең ақиқат сенім деп білу, өзге дінді ұстанушыларға шек қоймайды, зәбір көрсетпейді, қамқорлықсыз қалдырмайды. «Дінде зорлық жоқ» деген қағида Құран аяттарынан бастау алып, Мұхаммед пайғамбардың өнегесіне негізделіп, өзге дін өкілдеріне деген құрметке, исламның рухани-адамгершілік ұстанымдарына негіз болған.

Ал заң жүзінде Қазақстан Республикасының Конституциясының 1-бабы, 1-тармағында: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары»,-делінген. Мемлекетіміздің басты қазынасы – адам және адамның өмірі, оның құқықтары мен бостандықтары болғандықтан азаматтарымыздың өзі қалаған дінге сенуі конституциялық құқықтарының қатарынан табылады. Ата заңымызға сәйкес азаматтарымызды тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты, сондай-ақ басқа да жағдаяттар бойынша кемсітуге тыйым салынған. Ата Заңымыздағы осы айтылған қағидалар мемлекетіміздің зайырлы сипатта екендігінің басты нышандары.Зайырлы мемлекет ұғымының түп-тамыры діни құқық тұрғысынан адамсүйгіштік құқығын басшылыққа алуда жатыр. Адам және адамның өмірінің құндылығы ғасырлар тереңінен зайырлы және құқықтық мемлекет құруға деген талпынысты туындатты. Зайырлы мемлекет діни наным-сенімді адам болмысына тән қажеттіліктердің бірі ретінде қарастырып, құқықтық нормаларды басшылыққа алады. Зайырлы мемлекетте діни құқық емес, адамның дінге деген құқығы әлеуметтік заңдылықтар шеңберінде қарастырылып қорғалады.Дін мемлекеттен бейтарап саналғанымен, дін мемлекеттің маңызыныңбірі – рухани тірегі болып табы-



публикасының азаматтары дінге деген көзқарастарына тәуелсіз экономикалық, саяси, әлеуметтік және мәдени өмірдің барлық салаларында өзара тең. Азаматтарды дінге көзқарасына шектеу немесе ұстанатын дініне қарай қандай да бір артықшылықтар беру, азаматтардың діни сезімдерін жәбірлеу, сондай-ақ дінді ұстанушылар қадір тұтатын заттарды, құрылыстар мен орындарды қорлау Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауапкершілікке тартылады. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының азаматтары дінге деген көзқарасына қарамастан заң алдында бірдей жауапты. Заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда, ешкімнің де өз діни сенімдерін себеп етіп азаматтық міндеттерін атқарудан бас тартуға қақысы жоқ. Діни наным себебімен атқарылуға тиіс бір міндетті екіншісімен алмастыруға тек қана Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жол беріледі. Өз кезегінде діни сенім бостандығының сақталуын бақылауды және қадағалауды Қазақстан Республикасының атқарушы билік органдары, прокуратура және басқа да құқық қорғау органдары ел заңнамаларында белгіленген өз құзыреттеріне сәйкес жүзеге

діннің қарым-қатынас принциптері әр адамның құлшылық ету еркіндік құқығы мен оларға құрметпен қарауға міндеттеледі. Төзімшілдіксіз, дінге еріктіліксіз демократия ғана емес, қоғамның өркениетті азаматы да бола алмайды. Мемлекет пен дін қарым-қатынасы туралы мәселе күрделі әрі жанжақты. Адамзаттың барлық саяси тарихы, біріншіден, дін мен мемлекет арасындағы билік үшін күрес ретінде көрінсе, екінші жағынан, мемлекет пен дін арасындағы өзара тиімділік ынтимақтастығымен көрінеді. Адамзат өркениеті тарихында түрлі мемлекеттік билікті қажет ететін одақтастықтар бар. Қорыта айтқанда, дін мен мемлекет байланыстары адам құқықтарын, соның ішінде ар-ождан бостандығы мен діни сенім еркіндігін құрметтеу және қорғау аясындағы мемлекет пен діннің өзара ықпалдасуы деуге болады. Демек, біздің қоғамымыз үшін адамның діни сенімі мен құқығын қорғауға және сақтауға жауап бере алатын дін мен мемлекеттік заң қарым-қатынасын нығайтуға оң ықпал ету басты міндет болып табылады.

**Е.ЕШТАЙ,
теолог
маман.**

Дін мемлекеттен бөлінгенімен қоғамнан бөлінген емес

Түркістан облысы бойынша ауыл тұрғындары арасында ақпараттық түсіндіру жұмыстары барасында мемлекет пен дін қарым-қатынасы жөніндегі түсінбеушілік қорын алып жүргені байқалады. Қарапайым халықтың кейбірі «Қазақстан – зайырлы мемлекет» дегенді «дін мемлекеттен бөлінген» деп бірауыз сөзбен түсініп жүргендер бар екен.

Негізі зайырлық ұстанымы Батыстан енген анықтама екені баршаға мәлім. Зайырлық ұғымы орыс тілінен тікелей тәржімаланып «религия отделе́на от государства» деген мағынаға ие болды. Оларда осылай айтсатүсінікті. Ал біздің түсінбеушіліктің туындап жүр. Өйткені, қазақ тілінде мемлекет дегеніміз – тұтас ел, Қазақстан. Сонда «дін мемлекеттен бөлінген» дегенді көп адам Қазақстан бір бөлек, дін бір бөлек деп, екеуін бір-бірінен ажыратуға тырысуда. Дінді қоғамнан шығарып тастағысы келеді. Шын мәнінде олай емес.

Негізі қазақ тілінде «дін – мемлекеттен емес, өкіметтен бөлінген» деп айтса түсініктірек болады. Үкімет емес, өкімет. Үкімет – атқарушы орган. Ал өкімет – билік деген сөз, яғни Президенттен бастап, Премьер-министр, сот, Парламент, бәрі кіреді. Дін осы басқарушы құрылымдарға, олардың жұмысы мен заңдарына араласпайды деген сөз. Зайырлық мемлекет дегеніміз осы. Ал зайырлық елде дін қоғамнан аластатылмайды, керісінше дін ұстануға толық еркіндік беріледі және ешкімнің діни ұстанымы кемсітілмейді.

Сондықтан дінді мемлекеттен бөлінген деп қабылдау қате түсінік. Дін өкіметтен бөлінгенмен қоғамнан бөлу мүмкін емес. Себебі дінді ұстанушылар Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылады. Еліміз көпэтносты мемлекет болған соң, 18 конфессия діни бірлестіктері қызмет атқарады. Мемлекет тарапынан осы діни бірлестіктердің жұмысын



қадағалау, миссионерлік қызметті және діни мәселелерді реттеу болып табылады. Қазіргі күні қоғамымызда жат ағымдар тарапынан орын алған кейбір келеңсіз жағдайларға немқұрайды емес екендігін байқауға болады. Сондықтан дін мемлекеттің құқықтық қағидаттарын шығару мәселесінде ғана бейтарап, ал қазақстандықтардың рухани өмірі мен мәдениетіндегі аса маңыздылығынан бөлінген емес.

Халық арасында мұндай ұғымға ие болу себебі тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдары қабылданған Ата заңымызда мемлекеттің діннен бөлінгендігі туралы бап болатын. Сол бап діндарларға да, басқаларға да үлкен әсерін тигізді. Сонда «дін мемлекеттен бөлінген» дегенді көп адам Қазақстан бір бөлек, дін бір бөлек деп, екеуін бір-бірінен ажыратуға тырысты. Діни бірлестіктердің басшылары, діндарлар дін мемлекеттен бөлінген, мемлекеттің дінге араласуына хақысы жоқ дегенді негізге ала отырып, өздерінің

бірлестіктерінің ішкі мәселелеріне ешкімді араластырмады. Былай айтқанда, білгенін істеді. Одан кейін, керісінше, кейбір әкімдер, басшылар дін мемлекеттен бөлек дегенді ұстанып, дінге мемлекет ішіндегі жеке мемлекет ретінде қарап, бойын аулақ ұстауға тырысты. Міне, осының барлығы заңсыздықтарға жол ашты.

Заңға уақыт өте келе өзгертулер, толықтырулар енгізілетіні баршаға белгілі. Дегенмен, қазіргі заң біраз епке келді деп айта аламыз. Ата заңымызда мемлекет діннен бөлінген жоқ деген жолдар алынды. Керісінше, бұл жайт жаңа заңда берілді. Бұл дұрыс та шығар. Өйткені, Түркия, Малайзия сияқты зайырлық мемлекеттерде де мемлекет діннен бөлінген деген сөз жоқ.

Қазақстан өзінің зайырлық мемлекет ретінде Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабының 1-тармағында «Қазақстан Республикасы өзін зайырлық, құқықтық мемлекет ретінде орнықтырады» делінген. Конституция-

лық негіздегі «зайырлық» ұғымы мемлекеттің барлық салаларда, соның ішінде дін саласында да ашық, айқын саясат ұстанатынын, азаматтардың ар-ождан бостандығын қамтамасыз ететінін, дін мен мемлекеттің саясатты араластырмайтынын білдіреді.

Зайырлық мемлекет дегеніміз – діннің бөлінуі нәтижесінде пайда болған діни емес, азаматтық нормалар негізінде басқарылатын, мемлекеттік органдардың шешімдері діни негіздері болмайтын мемлекет. Зайырлық мемлекеттің заңнамасы (толықтай немесе ішінара) діни нормаларға сәйкес бола алады; «зайырлық» діни ұстанымдармен қарама-қайшылығымен емес, олардан тәуелсіздігімен анықталады. Ол туралы 2011 жылы қайта қабылданған Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңның 3-ші бабының 1-тармағында да мемлекет дін және діни бірлестіктерден бөлінгені нақты көрсетілген. Қазақстан зайырлық мемлекет болуына байланысты, ресми түрде діндерге мейлінше бейтарап қарайды: ол діншіл де, дінге қарсы да сипатқа ие емес. Ал мұндай зайырлық елде дін қоғамнан аластатылмайды, керісінше дін ұстануға толық еркіндік беріледі және ешкімнің діни ұстанымы кемсітілмейді.

Кезінде Иран шығанағын ұлы парсы империясына айналдырған Ұлы Дарий патша: «Бір мемлекеттің баянды болуына тіл және дін бірлігі керек», - деп өсиет еткен. Қай мемлекеттің тарихын алсаңыз дін, ұлт, мемлекет байланысы бір бағытта, бір тұғырдан шығады. Себебі, дін мемлекет үшін рухани азық және елдің ауызбірлігін қамтамасыз ететін құрал болып келеді.

А.ДҮЙСЕН,
Түркістан облысы дін істері басқармасының
«Дін мәселелерін зерттеу орталығы»
КММ маманы.

Бүгінде әлем елдерінде дін мен оның құндылықтары халық пен қоғам өміріндегі маңызы күн санап артып келеді. Дін мемлекеттің негізін құраушы ең маңызды фактордың бірі болғандықтан, ішкі тұрақтылықтың да кепілі. Әлеуметтік тұрғыдан алғанда дін: қоғамға бағыт-бағдар береді; қоғамды біріктіреді; идеологиялық және мәдени ұғымдарды күллі қоғамға телиді; жеке тұлғаның және күллі қоғамның мүдделерін қорғайды; этникалық негізден гөрі адами, рухани құндылықтарға мән береді.

Қоғам – бұл адамзаттың тарихи дамуы барысында қалыптасқан әлеуметтік құрылымдардың, функциялардың және байланыстардың салыстырмалы түрде тұрақты интеграцияланған жүйесі, онда олардың өзара әрекеттесу процесінде қалыптасқан адамдарды біріктіру формалары жүзеге асырылады. Қоғам – адамның өмір салты. Қоғамсыз адам жоқ, адамсыз қоғам жоқ.

Мемлекеттік саясаттың өзекті де күрделі бағыттарының бірі – мемлекеттің дін саласындағы саясаты. Еліміздегі дін саласындағы саясатының негізгі бағыт-бағдары зайырлық қағидаттары, конфессияаралық және ұлтаралық келісім, діни экстремизм мен терроризмге қарсы күрес болып табылады. Осы бағыт-бағдарлардың негізінде мемлекеттің дін саласындағы саясаты жасақталып, ел игілігі үшін жұмыс атқарады.

Дін – әлемде де, елімізде де өзекті тақырып ретінде белгілі. Тәуелсіз қазақ елінде діни жаңғыру үдерісі ұлттық дәстүр мен құндылықтардың қоғам өміріндегі рөлінің артуынан және жастар арасында діндарлық деңгейінің өсуінен байқалады.

Зайырлық – мемлекет пен діннің

Мемлекеттің дін саласындағы саясаты

бір-бірінен бөлінуі, мемлекеттің әлеуметтік, саяси, және құқықтық негізгі жүйесінің аз да болса діни қағидаларға сүйенбеуін білдіреді. Мемлекет пен зайырлық ұстанымы ешқандай дінге бөгет жасамайды, тек мемлекеттің дін саласына араласпауы және белгілі бір діни ұстанымға басымдық бермейтінін кепілдік беруі.

Зайырлық қағидатына сәйкес дін мемлекеттен бөлек болғанымен, оны қоғамнан, адамнан бөліп алып қарастыра алмаймыз. Қандай заман болмасын адам жүрегінде белгілі бір тылсымға, абсолютке деген сенім болғандығын жасыра алмаймыз. Қандай да бір дін болмасын адамзаттың құндылықтарға негізделген. Еліміздің діндер арасында татулығын, бірлігін сақтау мақсатында зайырлық қағидаттарының алатын орны орасан зор деп анық айта аламыз.

Дін мен мемлекеттің түйісер жері де – елдің тұтастығы мен бірлігі, дінаралық келісім мен тұрақтылық. Осы мақсатта ҚМДБ мен Дін істері басқармасы бірлесіп отырып жұмыс жасайды.

Кез келген мемлекет өзінің дін саласындағы саясатын тарихи, мәдени, экономикалық және басқа да факторларын ескере отырып белгілейді. Мемлекеттік саясатты белгілеу нысандары – белгілі бір діндерге мемлекеттік мәртебе беру арқылы, діни бірлестіктердің мәртебесіне байланысты конфессиялармен келіссөздер жүргізе отырып, барлық діни

бірлестіктерге либералды көзқараста болуды талап етеді.

Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатының 2017-2020 жылдарға арналған тұжырымдамасы мемлекеттік-конфессиялық және конфессияаралық қатынастарды жетілдіруге, мемлекеттің зайырлық қағидаларын нығайту және діни деструктивті мақсатта пайдалануға жол бермеу бойынша ресми көзқарастар жүйесі болып табылады.

Осы Тұжырымдаманың құқықтық негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы», «Коммерциялық емес ұйымдар туралы», «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының заңдары және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері құрайды.

«Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңы халықаралық құқық пен ел Конституциясында көзделген әркімнің ар-ождан бостандығы құқығын іске асыруға бағытталған, ол дін саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырудың және ұлттық мүддені қорғаудың құқықтық негізі болып табылады.

Мемлекеттің дін саласындағы келесі бір ең өзекті бағыты – экстремизм мен терроризмге қарсы күрес. Экстремизм мен терроризм жаһанданудәуіріндегі ұлттық қауіпсіздігін етіке-лей әсер ететін сыртқы және ішкі фактор-

лардың әсеретуімен жүзеге асырылатын күрделі саяси сипатта.

Ел халқының ізгілік пен бейбітшілік құндылықтарын ұстануы, конфессиялар мен мәдениеттердің оң диалогтары, дін саласындағы мемлекеттік сарабал саясат, сондай-ақ қазақстандық қоғамның тұрақтылығын нығайту үшін түрлі дін өкілдерінің таңыры тарих қойнауының тереңіне жайылған бірігу дәстүрі елдегі діни ахуалға оң әсерін тигізеді.

Зайырлық қағидаттары, ұлтаралық және дінаралық келісім – мемлекеттің баяндылығына, тәуелсіздігіміздің тұғырлы болуына қызмет ететін, еліміздің азаматтарының құқықтарын қорғайтын, діни бостандығына кепілдік беретін, заман талабына сай жасақталған жүйе. Экстремизм мен терроризмнің қандай да болсын сипаттарына, түрлеріне азамат болып, қоғам болып ат салысып қарсы тұруымыз қажет. Елдік пен егемендіктің мүддесіне қарсы түрде әрекет ететін түрлі саяси және діни топтарға тойтарыс беріп, азаматтық позициямызды ұмытпауға тиіспіз.

А. ТАҒАЙ,
Түркістан облысы дін істері басқармасының
«Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ
бөлім басшысы м.у.а.

МӘШҮР ЖҮСІП МҰРАСЫ

Алты алашқа аты мәлім, заманында наным-сеніміне селкеу түсірмей, сертіне берік болған, ақын, шежіреші, дінтанушы, этнограф, әулие, жаратылысынан жан-жақты, әмбебап – Мәшүр Жүсіп Көпейұлының көкейін тескен көк дүниенесін айтпасқа болмас.

Зұлмат заманда да қазақ даласында бұрын соңды болмаған сұмдық оқиға, зиратты қиратып, сүйекті қорлау, қазақтың болмысына жат, бойында жоқ зар зауал. Солақай саясат болса мұндай содырлықтан селтеспеді. Түлкі боп қашқан заманын, тазы боп қуған Мәшүрдің шығармашылығынан заманының хәлауалын ұғынуға болады. Оның шығармаларының басты тақырыбы – ұлт еркіндігі, жер мәселесі, содан туатын кедей шаруа тілегі, дін бостандығы, оқу-білім, патшалық тәртіп пен капитализм қайшылығын сынау, революция идеясын жақтау сияқты өз кезеңі үшін мәні бар халықтық-демократиялық мәселелер.

Ақынның адам өмірі, тіршілік туралы өлеңдерінен өзі өмір бойы іздеп, көп зерттеген ұлы жырау – Бұқар жрау шығармаларының әсерін сезінуге болады. Абайды әдебиет әлемінде Абай еткен Мұхтар Әуезов, Шоқанды Шоқан еткен С.Мұқанов дейтін болсақ, Бұқар жыраудың жауһар шығармалары бар асылымен мөлдіреп бүгінгі ұрпаққа жетуге барынша мөл улес қосқан адам-Мәшүр Жүсіп Көпейұлы болып табылады.

Мәшүр тұлғалық танымға аса маңыз берген. Оның діни көзқарасын, әулиелік қасиетін әзәзілге балап, келемеж еткен. Шындығында, ақынның үзбей өлең жазып, халықты өнер-білімге шақырғандағы түпкі арманы – халықты жаппай сауаттандыруды қалаған еді.

Мәшүр Жүсіп «Алла құдіреті» атты шығармасында: «Мен Құдайды бір деп білемін, бар деп білемін, күшті деп білемін. Осы үшеуіне нанымым, сенімім күшті. Өзге нәрсеге «Құлақ пен естіген танық, көзбен көрген анық»,-дегендей, көзім көрмей нанбаймын. Құдай қандай өзі не нәрсе? Оны білуге, оны тануға ақыл ойым, зейін пікірім жетпейді. Сонда да: «Танымаймын!»,-деп, тоқтап тұрып қалмаймын. Жаратқан нәрселерінен, Құдайлықпен қылған ісінен барлығын, бірлігін, күштілігін танып тұрсам керек. Көкті, жерді, айды, күнді, жұлдыздарды, тауды, тасты, отты, суды, желді, топырақты, ағашты, шөпті, жайуанатты... бәрін Құдай жаратты»,-деп Алланың құдіреті жайын шебер суреттейді.

Адасып осы күнде қазақ қалды, Бұрыңғы ата-баба рәсімінен.

Жылқыға керек жерге егін салып, Жер жырып мұжық қал-

мас кәсібінен.

Жойылуға баратын жолтарылған соң,

Айрылды мал да, жан да несібінен.

Зынданда не бір шағбыз қазақ қалды

Ұлықтың қылған зорлық кесірінен,-деп, XIX ғасырдың II жартысы кезіндегі Ресей империалистерінің қазақ халқына жасап отырған зорлық-зомбылығын ашына әшкерелейді. Зорлық-зомбы-

тұста баланың жаны-семіреді. Осы кезде бала мейлінше шығармашылық еркіндікте болады. Қазақтың «Бес жасқа дейін балаңды-патшаңдай ұста»,-деп баласын тыймай еркін ұстауы осыдан болар бәлкім?! Мұнан кейін баланы өз құшағына жұлдызыалады. Он екі жасқа жеткенше бағып қағады. Бұл жұлдызбаланы ғылым – білімге, жаушылыққа баулитын



лыққа шыдай алмай, бас көтергендерді Патша үкіметі түрмеге тоғытты. Бұған ақын «Қазағым оян!» бүкіл мұсылман болып бас қосыңдар, бір тілекпен, бір жүрекпен әділетсіздікке қарсы тұрыңдар!»,-деп елді белсенді күреске шақырды. Бұл жүз жыл бұрыңғы ақынның жанайқайы. Өз ұлты, оның болашағы үшін қанжылаған оның көз жасы. Замана қыртысына зымияндықпен көз тастаған заманда ақынның жанайқайын естімеу мүмкін болмас.

Басыңнан әрбір түрлі күндер өтті,

Құр жылап екі көзге әлің жетті.

Өзіңді өзіңменен ұстастырып,

Тоздырып, иттей қор қып, быт-шыт етті.

Мәшүрдің өлең-жырлары көзінің тірісінде-ақ ел арасына кеңінен тарады. Оның шығармаларын Алаш зиялылары жоғары бағалап, ақыл,кеңес сұрап, хат-хабар алмасып тұратын. Бірақ Совет билігі орнасымен қазақтың көп қайраткерлері секілді Мәшүрдің шығармаларына тыйым салынып, әдебиеттен есімі сызыла бастайды. Соған қарамастан елдің Мәшүрге деген махаббатынаешкім тоқтау сала алмады. Өшірілмейтін сиямен жазған шығармасы бізге дейін мұра болып келеді.

Ғұламаның айтуынша, «Бала туып, жарық жалған дүниенің жүзіне келген соң, бірінші болып Ай құшағына енеді екен. Ай өзі қандай асығыс болса, жас баланы да сондай тез-тез өсіруге ыңғайлайды. Солайболғаны үшін айтылады: «Бесік баласы бес түлейді»,-деп, бес жылда бес түлейді. Абай атамыз айтпақшы, осы

көрінеді. «Солай бола тұғыны үшін төрт жастан асқан соң, баланы мектепке берудің керегі де сол»,-дейді. Дәл осы сөздерді жазып отырған Мәшүрдің өзі бес жасында мектепке-беріліп, алты жасында Шар кітапты мәнісімен жаттап, жұрт аузына ілініп, көп көзіне түскен. Он екі жастан асқан соң отыз жасқа жеткенше адам баласын Күн құшағына алады. Күн баққан кісіні көзге түсіруге тырысады екен. «Отыз жаста көзге түсуге жарамаған, жаман өмірінде түк кеспейді»,-дейді автор. «Отызында орда бұзбаған, қырқында қамал алмайды»,-деген тәмсіл осыған байланысты болу керек. Отыздан асқан соң Мәріх жұлдызы құшағына алады. Бұлқайрат, жігер, өткірлікпен алас ұрғызады. Мұнан кейін Міштірі құшағына алады. Бұл күйініп, түйініп, бай болу, әр нәрсесі сай болуды ойлатады. Алпысқа жеткенше-бағады, қағады. Алпыстан асқан соң Зәхәл құшағына алады. «Бұл Зәхәл жұлдызы адамды ойға салып, дүниеге харыс қылады»,-деп Мәшүр адамның тұстай ғұмырын бір оймен жеткізеді.

Түйіп айтқанда, Мәшүрдің ой-пікірлері мен толғаныстары сол уақыттың көкейкесті өзекті мәселелеріне қатысты сараланды. Ол ұлттық бірлік пен татулыққа, ауызбіршілік халық үшін жарқын болашаққа жол ашатын және бостандық пен теңдікке жеткізетін бірден-бір жол екенін халыққа жеткізген.

Г. БЕКЖАН,
Теолог маман.

Дана бабаларымыз «Ер жігіттің екі сөйлегені өлгені, емен ағаштың иілгені сынағаны», «Қайталаған дерт жаман, қайта бұзған серт жаман» деп асыл сөз қалдырған. Бұл уәдеге, сертке берік болу, адал болу керек дегенді білдіреді. Яғни екі сөйлеу деген азаматқа тән емес, ал уәдені орындау нағыз ер азаматқа лайық екенін байқауға болады.

Біздің бабаларымыз үшін де уәдеге беріктік, сөзінде тұру мәселесі қоғамда үлкен маңызға ие болған. Екі сөйлегенді, уәдесінде

өтірік айтады, уәдесін орындамайды, аманат қылынса, қиянат жасайды»,-деген.

Адам болғасын көп жағдайда басына түрлі іс түскенде Жаратушыға жалбарынып, осыдан жұмысым жүріп кетсе, науқасымнан жазылсам, жұмысқа тұрсам, осы бәледен құтылсам, түрмеден шықсам, садақа беремін, жетімге қарайласам, ішімдікті тастаймын деген секілді уәдені шын жүректен айтып жатады. Өз қалауына жеткен соң, жаңағы берген сол уәдесін орындамай жалтарады. Біле

Сертке берік болу – асыл қасиет

тұрмағанды қатты сынға алып, өлімнен бетер қорлық санаған. Қазақ халқы үшін өлімнен ұят күшті болған. Уәдеге, сөз беруге қатысты ер азаматтың намысын жігерлендіретін нақыл сөздер әлі күнге дейін өз маңызын жоймады.

Адам бойынан табылуы керек ең жақсы қасиеттің бірі уәдеге берік болу. Қандай қоғам болмасын, қандай адам болмасын уәдеге беріктікті қашанда құптап, сөзінде тұратын жанды құрметтеп, сыйлап өткен. Дәстүрлі исламда мұсылманнан уәдесіне берік болуды талап етеді. Уәдесінде тұрмауды екіжүзділікке балап, ондай адамның күнәхәр екенін ескертеді.

Ислам дінін соғыссыз қабылдаған дана халқымыз «Уәде – Құдай сөзі» деп, осы тұста тақуалықтың шыңына шыққан. Шарифаттың шарттарын мүлтіксіз қабылдап, өмір салтына айналдыра білген қазақ халқы: «Уәдені бұзған – ұяны бұзғанмен тең», «Жақсылыққа жерік кісі – Уәдесіне берік кісі»,-деген сынды ғибратты мақал-мәтелдер көптеп қалдырған. Яғни, уәдеге берік, бірсөзді болу – біздің қанымызға ежелден сіңген қасиет.

Өз дәуірінде ата-бабаларымыз бастарын бір ғана сертке байлап, ел тағдырын бір ауыз сөзбен шегендеген.

Қытайдың ғұламасы Кунцзыдан (Конфуций) мемлекетті басқару үшін не керек дегенде ол «Қару-жарақ, азық-түлік, сенім керек»,-депті. «Үшеуінің бірін құрбандыққа шалуға бола ма?»,-деп сұрағанда, «Сенім жоқ жерде ештеңе болмайды»,-деген.

Қазақта намысшыл, ержүрек, арлы адам уәдесін бұзбайды, алдамайды. Ал уәдеде тұрмау – Құдайды танымау, ардан аттау деген сөз.

Пайғамбар (с.а.с.) көркем мінезінен болған, имандылықтың нышаны уәдеге берік, сертке адал болу, үлкен жауапкершілік екенін мына бір хадисінде былай: «Мұнафиқтың (екі жүзді) белгісі үшеу, егер сөйлесе

білсек бұл Жаратушы құзырында, қоғам алдында да ұятты, әлсіздіктің, жігерсіздіктің белгісі болып табылады.

Кез келген жағдайда берілген уәдені орындау адамдық асыл қасиеттердің ең абзалы. Керісінше әрекет ету адамзатқа жараспайтын жат әдет.

Құранда былай дейді: «Сертті орындаңдар. Сөз жоқ, уәде сұралады», (Исра) сүресі 34-аят).

Бірде Пайғамбар (с.а.с.) Жәбир ибн Абдуллаға екі қолымен ымдай көрсетіп: «Егер Бахрейннен дүние келетін болса, саған мынандай сый беремін»,-дейді. Алайда, жылдар жылжып, айлар өтседе Бахрейннен келетін олжаның шеті де көрінбеді. Бұл аралықта екі әлем Сардары да дүниеден озады. Хазреті Әбу Бәкірдің (р.а.) кезеңінде уәде етілген олжа Бахрейннен келіп жетеді. Әбу Бәкір (р.а.): «Расулаланың берген уәдесі немесе қарызы болса, сол адам бізге келсін»,-деп жариялайды. Жәбир мұны естіп: «Пайғамбар маған мынандай сый беремін деп уәде еткен еді»,-дейді. Хазреті Әбу Бәкір оған екі уыс ақшаны ұстатады. Санағанда артық та емес, кем де емес, тұптура 500 динар шығады. Әбу Бәкір (р.а.) оған: «Осының екі есесін тағы ал»,-деп бұйырады.

Көріп отырғанымыздай қоғамның тыныштығы сенімділік, уәдеде тұрушылық және жасалған сертке адал болу жеке әрі қоғамдық өмірдің негізгі тіректерінің бірі болып табылады.

Ойымызды жинақтай келгенде айтарымыз – бүгінгінің я ертеңінің жігіттері уәдесіне берік, сертке адал ерлердің сапынан болайық!

Д. АМАНОВ,
Түркістан облысының дін істері басқармасы «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің Мақтаарал ауданындағы дінтанушы маманы.

Жерлеуге берілетін төлем мөлшері ұлғайды

Осыған дейін хабарлағанымыздай, 2023 жылдың 1 шілдесінен бастап Әлеуметтік кодекс күшіне енеді. Онда жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысты бірқатар жаңалықтар қамтылған.

Мәселен, Әлеуметтік кодекске енгізілген өзгерістерге сәйкес, БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар адам қайтыс болған жағдайда, оның отбасы мүшелеріне қайтыс болған адамның зейнетақы жинақтары қаражаты есебінен республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген 94 еселенген айлық есептік көрсеткіш (АЕК) шегінде, бірақ қайтыс болған адамның жеке зейнетақы шотындағы (ЖЗШ) қаражатынан көп емес мөлшерде жерлеуге арналған біржолғы төлем беріледі.

Егер жерлеуге арналған біржолғы төлем жүзеге асырылғаннан кейін қайтыс болған адамның ЖЗШ-дағы зейнетақы жинақтарының

қалдығы бір АЕК мөлшерінен аспайтын соманы құраса, бұл қалдық қайтыс болған адамның отбасы мүшелеріне жерлеуге арналған төлем ретінде төленеді.

Естеріңізге сала кетейік, бұрын жерлеуге арналған біржолғы төлемге өтінішті жерлеуді жүзеге асырған адамдар да бере алатын, ал төлем 52,4 еселенген АЕК-ке тең болды.

БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар адам қайтыс болған жағдайда, олар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мұраға қалдырылады.

БЖЗҚ-дан жерлеуге, мұрагерлерге берілетін төлемді алу тәртібі, мерзімі мен қажетті құжаттар тізбесі туралы біле аласыздар.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және же-

кешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).

«Созақ үні»-ақпарат.

Хабарландыру!

ҚР ДСМ СЭБК «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК Түркістан облысы бойынша филиалы Созақ аудандық бөлімшесі Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заң талаптарының орындалуын бақылау мақсатында, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі № 15 мекен жайында 2023 жылдың тамыз айының 18 жұлдызында «Ашық есік күні» өтетіндігі туралы хабарлаймыз.

А.Б.КУЛМЕНОВ,
зертхана меңгерушісі.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің «Әдеп» кодексіннің мемлекеттік қызмет этикасы мен Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заң талаптарының орындалуын бақылау мақсатында, ҚР ДСМ СЭБК «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК Түркістан облысы бойынша филиалы Созақ аудандық бөлімшесі 8 (725-46) - 4 - 26 - 74 сенім телефоны арқылы жеке және заңды тұлға өкілдерінің хабарламалары қабылданады.

Созақ аудандық бөлімшесінің «Сенім телефонына» түскен барлық хабарламалар тіркеледі және жауаптар беріледі.

А.Б.КУЛМЕНОВ
зертхана меңгерушісі.

Моншалар мен хауыздарға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына талдау жасау

Бүгінгі таңда адамдар қоғамдық пайдалануда ашылатын моншалар мен хауыздарға жиі барады. Сіз бұл нысандарға қойылатын санитарлық талаптар бар екенін білесіз бе?

Бұл қағида - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 26 шілдедегі № 67 бұйрығымен бекітілген «Коммуналдық мақсаттағы объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары болып табылады.

Монша мен саунаға дұрыс пайдалану үшін, ең алдымен жеке гигиена сияқты маңызды гигиена ережелерін сақтау керек: жеке аяқ киіміңізді қолданыңыз және монша мен саунаға кірер алдында душа жуыңыз. Әсіресе, резеңке аяқ киім киюді ұмытпау керек. Егер сіз моншада жалаң аяқпен жүрсеңіз, зең аурулары оңай таралады. Сондықтан тәпшіке кию ұсынылады, ең жақсысы резеңкелі болуы, өйткені олар душ ылғалды жағдайында және бу бөлме-

де жоғары температурада ыңғайлы. Қоғамдық моншаларда әр келушіден кейін резеңке аяқ-киім фунгицидтік әсері бар дезинфекциялау құралдарымен өңделеді. Резеңке бұйымдарды өңдеу үшін таңбаланған сыйымдылықтар бөлінеді. Дезинфекциялаудан кейін аяқ киім жуылады және кептіріліп қолданушыға ұсынылады. Моншалар мен сауналарда таза және құрғақ киім-кешектер, жеке пайдаланылатын сүлгілер пайдаланылады, олар да пакеттерде берілуі тиіс. Бу бөлмесіне бармас бұрын шашты жууға немесе суламауға кеңес береміз, өйткені дымқыл шаш тез қызады, әсіресе құрғақ буда, бұл ыстық өтіп кетуге және қысымның жоғарылауына әкелуі мүмкін. Сондықтанда табиғи материалдардан жасалған – мақта немесе жүннен жасалған бас киімді қолданған жөн. Ешбір жағдайда бу бөлмесінен кейін бассейнге қарқынды сүңгуге болмайды. Бу бөлмесінен кейін душ қабылдап, содан кейін бассейнге бару керек. Моншадағы

едендерді, сөрелерді, орындықтарды жуу және дезинфекциялау үнемі жүргізілуі керек. Қоғамдық моншада едендерді тазалау және жуу күнделікті және қажеттілігіне қарай жүзеге асырылады, ал жеке моншада әр келушіден кейін. Монша жабылғаннан кейін үй-жайларды, мүкәммал мен жабдықтарды жинау, жуу және дезинфекциялау жүргізіледі. Жуынуға арналған арнайы ыдыстарды дезинфекциялау ерітіндісіне толық батырылып дезинфекцияланады және сумен шайылады. Тазалау және дезинфекциялау тек қана зең және ауру тудыратын микроорганизмдер мен саңырауқұлақтар өсуін болдырмаумен қатар, ауаның таза болуы үшін қажет. Барлық үй-жайларда сору-сыртқа тарату желдеткіші жұмыс істеуі тиіс.

Әрқашан есіңізде болсын, жеке гигиенаңызды сақтау - сіздің денсаулығыңыздың кепілі!!!

Х.ОСПАНОВ,
Созақ аудандық СЭБК
басшысы.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын орындаудың біріңғай механизмін қалыптастыру, барлық мемлекеттік органдардың іс әрекеттерін үйлестіру мен Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын оның басымдылықтарын іс жүзіне асыру үшін жасалған.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес пен оның міндеттерін нақтылау мен шектеу саласында мақсатты бағытталған мемлекеттік саясат азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделеріне, мемлекеттік қызметкерлердің кәсіби деңгейінің өсуіне әсер ететіні сөзсіз.Сыбайлас

Сыбайластықтың зауалынан сақтан

жемқорлық-елеулі зардаптарға әкеліп соқтыратын қауіпті жағдайлардың бірі. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын, мемлекеттік қызмет туралы заңдылық талаптарын іс жүзіне асыру мемлекеттік қызметкерлердің тәртібін нығайтуға мүмкіндік береді.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес науқандық жұмыс емес. «Жемқорлық- індет, оны жою міндет», демекші, жемқорлыққа қарсы күрес

қоғамымызда бір сәт те таластамауы керек. Бұл күрделі жұмысқа құқық қорғау, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, құқықтық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі бақылаушы органдар мен қоғамдық ұйымдар, бүкіл халық болып белді бекем болуы білек сыбана араласу қажет. Біздің міндетіміз мемлекет өмірінің барлық салаларындағы сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету. Азаматтардың құқықтық білім деңгейін

көтеріп, билікке деген сенімді нығайтып, жеке меншікті әсіресе шағын және орта бизнесті дамытып, әлеуметтік және саяси тұрақтылықты нығайтып, бюджетке барынша пайда келтіру мақсатында бар мүмкіндікті тиімді пайдаланып, ел ырысын ысырап қылар ынсапысыздыққа ырық бермей отырсақ игі іс болар еді.

Осы орайда Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Рес-

заңын қабылдады. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың болсын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Халқымызда «Дүние-байлық неге керек, денсаулығың болмаса; төрелігің неге керек, халықтың көңілі толмаса» деген нақыл сөз еңбек етіп жүрген қызметкерлердің де бағдары іспеттес. Шынында да, біз әділ төрелік жасап, жемқорлықтан жоғары тұрған жағдайда ғана халық сеніміне ие боламыз.

А.Б.КУЛМЕНОВ,
ҚР ДСМ СЭБК
«ҰСО»
ШЖҚ РМК ТО бойынша
филиалы
Созақ аудандық
бөлімшесінің зертхана
меңгерушісі.

публикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп Кодексіне сәйкес мемлекеттік қызмет этикасы мен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талаптарын аудандықсалық басқармасының қызметкерлері бұзған жағдайда 2-15-60, 4-12-94 сенім телефондарына хабарласуларыңызға болады.

Бағдат МАҚАШБАЙ,
Аудан әкімдігі
архитектура бөлімінің
бас маманы.

-Жетпіс төртінші жылы мектеп бітірдім- деп бастады кейіпкерім әңгімесін.-Ол кезде Сейілбек ағай Ы.Алтынсарин мектебінің директоры болатын. Директор: Оқуға барасың ба,-деді. Жоқ бармаймын дедім. Күзге дейін шаруашылықта еңбек етіп, автомектепте оқып, әскерге кеттім. Новосибирскіге сержанттар дайындайтын мектепке жастым. Байланыс бөлімінде жауынгерлік міндетімді өтедім. Алты айдан кейін кіші сержант деген шен берді. Қайтадан Новосибирскіге алып келді. Қызметімді өтеп, әскерден туған жерге аман-есен оралдым. Әскерде аға сержант болып, рота басқардым. Ол жерде жоғары абырой биігінен көріндім. Келгеннен кейін Таласбаев Темірханның автокөлігін айдадым. Сол көлікпен қаржы таптым. Бастығыма «Пазик» автокөлігін жүргіземін дедім. Одан кейін мал өнімдерін дайындайтын мекемеге жұмысқа кірдім. Мұнда да көлік жүргіздім. Ұжымда жақсы көрсеткішпен үнемі озат жүргізушілер қатарында болдым.

Техниканы еш кідіріссіз жүргіздім. Бұл кезде әбден қалыптасып қалған едім. Техникаға ақауланым қалса өзім тез жөндей алатыным. Ол кезде жүк көлігіне жұмыс көп. Ұжымдастарымнан да көмегімді аямаймын. Көліктері бұзылып қалса жөндеуге көмектесемін. Одан кейін аудандық электр желісі мекемесіне ауысып, шофер болдым. Бастығымыз Қонақбаев Медеу еді. Өте жақсы кісі болатын. Ол жағдайыма қарап, қолдан келген көмегін аяған жоқ. Сол кездің адамдары өте қайырымды еді ғой.

Қарапайым кәсіппен ел құрметіне бөленген

«Көршінің қызы керемет еді әкесі де оның жақсы адам» дегендей 1980 жылы көрші қыз Күлаймен көңіл жарастырып, шаңырақ көтердім. Ол менен төрт жас кіші. Жарасымды жанұя құрып, отбасымызға перзенттер келе бастады. Тұңғышым-Руслан, одан кейінгі Анар қызым. Қазір «Жүрсін» дүкенінде істейді. Одан кейін Жанар. Шымкентте бизнесте жүр. Өмірлік жарым Күлай да әуелгіде асханада істеп, аға аспаз болды. «Теріскей» дәмханасында жұмыс жасады. Екеулеп алты баланы асырап, өсірдік. Жанарым Шымкентте, Гүлнарым ауылда, ыдыс -аяқ сатады. Іңкәрім ол да дүкенде. Кенжеміз Қуаныш ол да кәсіпкерлік саласында. Балашағаның киім-кешегін сатады. Сауда орталығымыздың аты сол Іңкәрдің атымен аталады. Енемнің аты да Іңкәр-тін. Ол кісі керемет еді. Әулие десе де болады. Мені өз ұлындай жақсы көрді. Ақпарова Іңкәр енем өте керемет жан болатын. Оранғай жақтың қызы тұғын.

Ұлды ұяға, қызды қияға қондырдым. Әйтеуір бәрін жеткіздік. Барлығы да жоғарғы оқу орындарында оқыған. Русланым Қазақ Түрік университетін қызыл дипломға бітірді. Мамандығы заңгер. Бизнесте жақсы жұмыс жүргізіп жүр.

Кейінгі жылдары аудандағы мұнай



айдау стансасында жұмыс жасадым. Ол мекемеде табаны күректей 26 жыл еңбек еттім. Аталған мекемеде барлық техниканы айдадым. Бульдозер, машина, кран т.б. техникаларды бәрін жүргіздім.

«Катко» да сегіз жыл істеп зейнеткерлікке шықтым. Қазір немерелеріме қызмет жасап жүрмін. Соларды балабақшаға апарамын, алып келемін. Үйдің шаруасы бітпейді екен ғой. Шаруашылығым бар. Үй

іргелік жерге қараймын. Зейнеткерлікке шыққаным төрт жыл болды. Зырлап өтіп жатқан уақыт. Алланың берген несібесін теріп жеп жүрміз. Өзің білесің Күләй сауданы жай майда-шүйде сатумен бастады. Содан жұмысы жүріп, ары қарай жалғастырып кетті. Қазір ұл-қыздардан отыз екі немерем бар. Жұрт қатарлы өмір сүріп жатырмыз,-деді.

Қарапайым еңбегімен отбасын асырап, ауданның қалыптасуына үлес қосқан Сағынтаев Ямшид аға жұбайы Күлай Сатыбалдықызы екеуі елдің ынтымағы мен бірлігіне үлестерін қосуда. Күләй қазір аудандағы отбасылық бизнестің көрнекті өкілі. Қарапайым мінезімен, еңбекқорлығымен елдің құрметіне

бөленген. Ол қайырымдылық шараларына үзбей қатысады. Әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасыларға үнемі көмек береді. Қаражаты болмай қалған кісілерге қол ұшын созады. Қарапайым кәсібімен жұмыс жасап, елдің айтулы азаматы атанған ағамызға, жұбайы Күлайға ұзақ ғұмыр тілейміз.

Сайлаубектің Сәрсенбегі.

Қыстың қамын жазда ойлап...

Тамылжыған тамыз айы да ортасына келді. Таңертеңгісін ерте тұрып, шаруаларын бітіріп алайын дейтін адамдар көп. Солардың қатарынан Қызылкөл ауылының тұрғыны Серік Әлжановты көреміз. Еңбек демалысына шыққан ол әуелі үй іргелік жердің шөбін шалғы орақпен орып алды.

Суармалы алқапқа шыққан жоңырақ жақсы өнім берді. Шөпті орып, кептіріп, үйдегі көлеңкелеу жерге жинап қойды.

Ендігі мақсат-сай-саладағы шөптерді орып алу болатын-ды.

Сонымен жанына баласын алып, Жонның бойындағы шөптерді оруға кірісті. Күндегі дағдысы бойынша бүгін де ерте тұрды. Шалғыларын жақсылап қайрап алды да, сусындарын алып, қасына ұлын ертіп, іске кірісті. Биылғы қуаңшылық шаруаға оңай болып тұрған жоқ. Шөптің көтерілуі баяу. Техникамен оруға онша келіңкіремейді. Енді қол қусырып қарап отыруға болмайды. Дереву осы шаруаны



қолға алған-тын.

Қолдағы бес-он тұяқтың қыстық азығын әзірлеуді іске асырып жүр.

Бұл ісін көпке үлгі ретінде ұсынғанды жөн көрді. Өзі бастап еңбекті қыздырып кетті.

Серік бала кезінен еңбекке жақын. Әкесі Тыныштықбай шаруашылықта ұзақ жыл механизатор болды. Ұлын қасынан тастамайтын.

Сол арқылы Серік жұмысқа жақын жүретін жан болып қалыптасты. Сол әкеден алған тәрбие негізінде Серік іскер болып шықты.

Ол қазір ауылдағы М.Әуезов атындағы орта мектепте қарауыл болып жұмыс атқарады. Жазғы демалысқа шығысымен шаруагер азаматта тыным жоқ. Қолынан орағы түспейді. Ауылда отырғаннан кейін үйде сиыр,

қой, ешкі, жылқы ұстайды. Ал енді осы төрт түлікке мал азығын өзі дайындайды.

Жанынан ұлын тастамай жүріп, оны да осы еңбекке шыңдап, тәрбиелейді. Ауылға бір барғанымызда Серік Әлжановты кездестіріп қалдым.

-Сәке, қазір шөп дайындаудың қызған шағы. Жан-жаққа бұрылуға уақыт жоқ. Осы тиімді сәтті пайдаланып қалған дұрыс. Таңғы бесте тұрып шөп алқабына тартамыз. Үйдің төңірегіне бірталай шөп жинап қойдым. Бұл азық етеді! Биылғы қыстың қандай болатынын болжау қиын, лажы болса, мол етіп дайындап алған дұрыс. Уақытпен санаспай шөп орып жатқанымыздың жөні сол. Дана халқымыз «Қыстың қамын жазда ойла» демей ме, ие қамданған қапы қалмайды. Қыстың қамын қазірден жасағанымыз абзал.

Өзімде техника жоқ. Сондықтан қол орақ пен шалғы орақты пайдаланып жүрмін.

Шөпті сатып алсаң пәленбай ақша. Сол үшін қол күшімізді пайдаланып жүрміз.

Алдымыздағы істі Алла біледі ғой. Күннің қандай болатынын. Бұған жұбайым Гүлшара да үлес қосып келеді. Ас-суымызды уақтылы әзірлеп, жеткізіп береді.

Ауылдастарымды да мал азығын қазірден бастап қамдап алуға үндеп жүрмін. Шілденің аптапты ыстығы жұмыс істеуімізге тура келді. Ерте тұрып, таңғы салқын ауаны пайдаланып, біраз шаруаның басын қайырып алдық,-деді ол.

Иә, жаздың әрбір күнін тиімді пайдалану-істің адамы үшін аса маңызды. екенін С.Әлжанов жақсы түсінеді. Сол себепті ол кідіріссіз шаруа жасап, мал азығының мол қорын жасақтауда.

Сөз соңында оған атқарып жатқан жұмысының нәтижесін берсін дейміз.

Сәрсенбек
САЙЛАУБЕКҰЛЫ.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

**Директордың міндетін
уақытша атқарушы:**
**Теңізбаев Сәрсенбек
Сайлаубекұлы**

Бас редактор:
Теңізбаев Сәрсенбек
Жауапты хатшының уақытша
міндетін атқарушы:
Нұрсұлтан Канатұлы
Редакция құрамы-

Аға тілші-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер-
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайншы-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Теріміші-
Бағла АЯЗБАЕВА
Фототілші-
Құрманш КЕРІМҚҰЛОВ

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта
аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы:
161000, Шолақорған ауылы,
С.Қожанов көшесі, байланыс
телефондары 4-15-30
(факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3600 дана

Кезекші редактор:

Н.Шертаев